

Шалғы кентінің аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күші жойғал

Қарағанды облысы Шалғы кентінің әкімінің 2018 жылғы 3 наурыздағы № 1 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 3 наурызда № 4632 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Шалғы кентінің әкімінің 2018 жылғы 2 шілдедегі № 2 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Шалғы кентінің әкімінің 02.07.2018 № 2 (оны алғаш жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабының 7) тармақшасына сәйкес, Шалғы кентінің әкімі ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Ірі қара малдың ауруына байланысты (құтырма), Шалғы кентінің аумағында шектеу іс-шаралары белгіленсін.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Шалғы кентінің әкімі

С. Малтиков